



ТӨРТІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ

Бизнеске ықпалы





Дәрістің мақсаты: төртінші индустриалды революцияның бизнеске әсерін зерттеу.

Негізгі идеялар:

1. Бизнеске ықпалы;
2. Тұтынушы күтулері;
3. Деректермен жетілдірілген өнімдер;
4. Коллаборативті инновациялар;
5. Жаңа операциялық модельдер;
6. Цифрлық, физикалық және биологиялық әлемдердің үйлесімі.

Бизнеске ықпалы

Автокөліктерді және басқа көлік құралдарын ойлап тапқан кезде жылқы көліктерін автокөлік ретінде сату нарығы сыни өзгерістерге ұшырады. Екінші индустриялық революция іскерлік процестерді шапшаң түрде өзгертті. Бүгінде төртінші индустриялық революцияның басталуын куәландыратын болсақ, біз ұқсас құбылыстарды бақылай аламыз.

Барлық жерде цифрлық мүмкіндіктермен іске қосылатын және қамтамасыз етілетін жаңа технологиялар бизнестің өзгеру қарқыны мен ауқымын арттыратындығына күмән жоқ. Бұл – менің жаһандық басшылармен, бизнес топ-менеджерлерімен жүргізетін дүниежүзілік ақпараттық ағындар, дүмпулер қарқыны мен инновациялық дамудың үдеуін болжаудан немесе алдын алудың мүмкін еместігі туралы негізгі тақырыбын айқындай түседі.

Төртінші индустриялық революция бизнесті жаңа, бұрын соңды болмаған деңгейге көтеруге көмектеседі. Бүгінгі таңда, жаңа индустриялық революция бизнес секторының өкілдеріне қандай мүмкіндіктер ұсынғанына және оларға қалай дайын болатынын ойластыру керек.

Тұтынушы күтулері

Төртінші индустриялық революцияның ең жарқын әсерлердің бірі – тұтынушылардың күтулері мен үміттердің өзгеруі.

Төртінші индустриялық революция өндірушілерге керемет дәлдікпен олардың тұтынушылардың қалауларын болжауға мүмкіндік беретін технологияларды дамытуда. Әртүрлі деректерге сүйене отырып, соның ішінде өмір салтына байланысты, мінез-құлық ерекшеліктері бизнес секторының өкілдеріне клиенттің кеңейтілген және егжей-тегжейлі картасымен қамтамасыз етеді. Осылайша кәсіпкерлер тұтынушыларды көргісі келетін тауарлардың түрі мен сапасын нақты түрде бере алады. Маркетингтік зерттеулер компанияның мақсатты аудиторияны анықтау мүмкіндігіне ие болады және клиентке өнім туралы ақпаратты жеткізуге ең тиімді құралдарды түсінуге қабілетті болады. Сонымен қатар технологиялық прогресс тек кәсіпкерлердің ғана емес, тұтынушылардың да қолында. Бүгінде кәсіпкерліктің кез келген саласы тұтынушылар үшін ашық болды. Басқаша айтқанда, тұтынушылар нақты баға диапазонында ең жоғары сапалы өнім таңдауға, компаниялардың рейтингтерін қоюға, пікірлер жазу мүмкіндік беретін қызметтер мен сайттар пайда болды.

Осылайша тұтынушы әрдайым баға мен сапасы ең жақсы өнімді таңдайды, өндірушілер сапасын жақсартуға, қызмет көрсетуге және белгіленген стандарттарды іске асыруға мониторинг жүргізетін болады. Мұның бәрі кәсіпкерлер үшін қосымша жауапкершілікті талап етеді. Өйткені көп жылдар бойы клиенттермен жұмыс істеп келе жатқан сенімін қысқа мерзімде жоғалтып алуға болады.

Деректермен жетілдірілген өнімдер

Бүгінде бәріміз ақылды болуға тырысатын әлемде өмір сүріп жатырмыз. Біз ақылды смартфондарымызда маңызды кездесулер туралы ескертулер жасаймыз және сол кез келгенде біздің смартфондарымыз ақылды сағаттарға еске салатын дабыл қоңырауын жібереді.



Бұйымдардың ұзақ мерзімділігі мен өміршеңдік қабілетін тек жаңа материалдар ғана емес, сонымен қатар олар туралы деректер мен жасалған сараптамалар және көрсетілетін техникалық қызметтер ұзартады. Бұйымда орналастырылған сенсорларда көрсетілген сараптама деректері тұрақты мониторинг жүргізу және белсенді техникалық қызмет көрсету мүмкіндігін береді. Осылайша орталық – ұшқышқа қажетті іс-әрекеттер туралы нұсқаулықтарды бере алады және рейстің тағайындалған орнына техникалық қызмет көрсету тобын алдын ала жіберу мүмкіндігіне ие болады.

Коллаборативтік инновациялар

«Клиенттерге белгілі тәжірибе алу мүмкіндігі жасалатын қызметтер ақпаратқа негізделген. Ал бұйымның міндет-маңызы негізгі көрсеткіш болып саналатын әлемде, инновациялар қалай тез туындайтындығын және дизруптивтік ықпалдың әсерін ескеретін болсақ, ынтымақтастықтың жаңа түрлері қажет екендігі көрінеді», – дейді Клаус Шваб.

Коллаборативті (ағыл. collaborative) инновациялар – коллаборативті, әлдеқандай саладағы бірнеше тұлғаның немесе ұйымдардың ортақ мүддеге қол жеткізу үшін білімдері мен тәжірибелерін алмасып, өзара ымыраға келіп бірлескен іс-қимыл жасауы.

Клаус Шваб төртінші индустриялық революция, компанияларды кеңсе әлемі мен онлайн бизнес әлемінің іс жүзінде қалай жұмыс істеу керектігі туралы ойлануға мәжбүр етеді деп бекітеді. Егер авторға сенсек, онда кәсіпкерлер бүгін осы мәселелер туралы ойлануы керек.

Жаңа операциялық модельдер

Клаус Шваб төртінші индустриялық революция кәсіпкерлердің операциялық модельдердің қайта қарауды талап ететінін айтады. Кәсіпорындар шапшаң жұмыс жасап және барынша жинақылық танытуға мәжбүр болғандықтан қазіргі уақытта стратегиялық жоспарлауға бұрынғыдай аса мән берілмейді.

Көптеген компаниялар бизнес процестерді автоматтандыруға және ресурстарды барынша тиімді пайдалануға, қоршаған ортаға оң әсерін тигізетін жаңа технологияларға негізделген бизнес-модельдерге көшуді көздейді. Көп ұзамай біз үлкен өзгерістер күтеміз. Бүгінде жас ұрпақ өздерінің кәсіби қасиеттері мен дағдылары туралы осы жылдам өзгеретін әлемдегі басқармадан тыс қалмау үшін ойлануы керек.

Цифрлық, физикалық және биологиялық әлемдердің үйлесімі

Бірнеше өлшемдерді (цифрлық, физикалық және биологиялық) біріктіру қабілеті бар компаниялар тұтас салаларға және өндіру, тарату мен тұтынудың тиісті жүйелеріне көпшілік жағдайларда дизруптивті әсер етеді.

Төртінші индустриялық революцияның негізгі өзегі болатын физикалық, цифрлық және биологиялық әлемдердің конвергенциясы (convergence) ресурстарды пайдалану және тиімділікке қатысты үлкен табыстар табудың айтарлықтай мүмкіндіктерін ұсынады.

Швабтың айтуынша, бұл жағдай «бета-нұсқада жұмыс істеу» философиясының таралуына әкеледі, басқаша айтқанда тұрақты даму. Сондай-ақ, кәсіпкерлердің санының көбеюін, оның ішіндегі бөлігі, ішкі кәсіпкерлікке жауапты болады, ал екінші бөлігі компаниядан тыс жерде жауапты болады. Осы қысқаша сипатталған өзгерістерде шағын және орта кәсіпорындардың жылдамдық пен икемділікке артықшылығына ие болса, ал үлкен компаниялар ауқымы мен ресурстары беретін артықшылықтардан пайда көретіні туралы болжамдайды.



Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Тәжірибелік тапсырма: төменде берілген сұрақтар бойынша баяндама дайындаңыз.
2. Тәжірибелік тапсырма: төменде берілген сұрақтар бойынша библиографиялық шолу жасаңыз.
3. Тәжірибелік тапсырма: ғылыми ақпаратты сақтау тәсілдерінің кестесін төмендегі үлгі бойынша жасаңыз.
 - Артықшылығы;
 - Кемшілігі;
 - Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілі.

Бақылау сұрағы

1. Ауқымды деректер жетегі қалай жүзеге асады?

Глоссарий

Коллаборативті (ағыл. Collaborative) инновациялар – коллаборативті, әлдеқандай саладағы бірнеше тұлғаның немесе ұйымдардың ортақ мүддеге қол жеткізу үшін білімдері мен тәжірибелерін алмасып, өзара ымыраға келіп бірлескен іс-қимыл жасауы.

Дизруптивті әдіс – орта жағдайларына кенеттен күрт өзгеруі кезінде байқалады. Ағылшынша «дизрупт» сөзі бөліп тастау деген ұғымды білдіреді.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша дерекқор

1. Дэвид Лай, Үкіметтің төртінші индустриалды ревалюциясы мен сындары.